

**ШЖҚ жанындағы «Қарабұлақ» Сайрам аудандық ауруханасы» МҚК
Сыбайлар жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысын жария
талқылау хаттамасы**

№ 2

Қарабұлақ ауылы

«20» маусым 2024ж.

**Төраға: Умбетов Аскар Фазиллаевич – басшының емдеу ісі жөніндегі
орынбасары м.а.**

Хатшы: Ағыбай Толқынай Ақтайқызы – мамандар бөлімінің басшысы

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселе:

Сыбайлар жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысын жария
талқылау.

Қатысқандар: «Қарабұлақ» Сайрам аудандық ауруханасының бөлім
меншерушілері мен ауруханаға қарасты емдеу мекемелерінің аға дәрігерлері
мен қызметкерлері. Қарабұлақ ауылының билері И.Исраилов, М.Каратеев,
Ф.Маждунов.

Талдаудың міндеті: Сыбайлар жемқорлық тәуекелдерін жасауға ықпал
ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың алдын алу мен жою
болып табылады.

Жиналыста келесі мәселелер айтылды:

Сыбайлар жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бекітілген үлгілі
қағидаға сәйкес қамтылған іс-шара жоспары мен ішкі талдау жүргізу кезеңі:
2024 жылғы 17 мамыр мен 28 маусым аралығы етіп белгіленгенін
хабарлады.

1) Бөлімнің қызметін реттейтін заңнамалардағы сыбайлар жемқорлық
тәуекелдерін анықтау.

2) Персоналды басқару, мұдделер қақтығысын реттеу, мемлекеттік
қызмет көрсету мәселелер бойынша талдау объектісі қызметіндегі сыбайлар
қауіптерін анықтау.

«Сыбайлар жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жұмыс
тобы бөлімнің өз қызметінде басшылыққа алатын Заңдар, Кодекстер,
нормативтік-құқықтық актілер, басқа да құқықтық актілерді қарастыру.

Түркістан облысы бойынша құзіретті органдардың сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде анықталған кемшіліктер:

- Персоналды басқару бойынша: шығарылған бұйрық, хаттама, анықтама, акт, хат рәсімдеулері Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №703 қаулының талаптары сақталмаған.
- Мемлекеттік сатып алу бойынша: Кесіпорнының 4 мекемемен жасалған келісім шарттының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Аталған келісімшарт Мемлекеттік сатып алу Заңның 1-тармағының 41-бап, Осы Заңның 39-бабының 3-тармағында (көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мүндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында (көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаган айрықша жағдайларда жүзеге асырылады) бұзуда.

Жоғарыда анықталған тәуекелдерді жою мақсатында төмендегідей ұсынымдар беріліп отыр:

1. «Қарабұлақ» Сайрам аудандық ауруханасы» ШЖҚ МҚҚ-ның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілдептік пен нормаларды анықтау;
2. Қызметкерлер арасында сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және қылмыс фактілерін жасауға жол бермеу туралы түсіндіру жұмыстары жүргізу.
3. Ұйымдастыруши аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4- бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуді міндеттеу.
4. Алдын ала міндетті медициналық тексеруден өткені және жұмысқа және оқуға жіберілгені туралы анықтаманы (075/у нысан) негізсіз берілмеуін қадағалау.
5. Құжаттарды рәсімдеу кезінде заң талаптарының сақталуын қадағалау.

Жиналыс барысында Қарабұлак ауылдың ауыл билері И.Исраилов, М.Каратасев, Ф.Маждунов денсаулық сақтау саласында халыққа медициналық қызметтің қолайлы әр сапалы көрсетілуіне ықпал жасалуы туралы ой-пікірлерін білдіріп өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелер қаралып, болашакта сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық және қылмыс фактілерін жасауға жол бермеу басты назарда болуы туралы айттылды.

Жиналыс төрағасы жиналысты қорытындылады.

Төраға:

Хатшы:



А.Умбетов

Т.Ағыбай